Дәріс №9

# ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУДЫ мемлекеттік және жергілікті деңгейде бақылау жүйесі

Дәріскер: Токбергенова А.А



# ДӘРІС МАҚСАТЫ

**Теориялық мақсат:**

Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік және жергілікті деңгейде бақылаудың мәнін, құрылымын және құқықтық негіздерін ашу.

**Талдау мақсаты:**

Бақылау жүйесінің ұйымдастырылуын, өкілетті органдардың өзара іс-қимылын және бақылау түрлерін талдау.

**Практикалық мақсат:**

Жер ресурстарын тиімді пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіру жолдарын анықтау.



# ДӘРІС ЖОСПАРЫ

01 Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау

02 Мемлекеттік бақылау нәтижелері мен талдауы (2024 ж. деректері бойынша)

03 Жергілікті атқарушы органдардың қабылданған шешімдерін бақылау

04 Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу барысындағы бақылау

05 Жерді пайдалану мен қорғауды бақылау тиімділігін арттыру жолдары

# ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕТІКТЕРІ

Бақылау құрылымы

Тәртіп пен кезеңдер

Министрлік пен департаменттер жүйесі







ҚР Конституциясы
Жер кодексі

ӘҚБтК,
Экологиялық кодекс

Үкімет қаулылары мен бұйрықтар

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті

**Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау** — бұл жер заңнамасының сақталуын, жер ресурстарының тиімді және ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік қызметтің маңызды бағыты. Мемлекеттік бақылаудың негізгі мақсаты – жерді заңсыз иелену, мақсатсыз пайдалану, тоздыру және бүлдіру сияқты құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларды жою.



**Жер заңнамасын сақтау мәніне және жер қатынастары субъектілеріне қатысты**

**5025 тексеру**

Жүргізілген тексерулер барысында **2465,7 мың га** аланда **4115 бұзушылық** анықталды, олар үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жауапкершілік көзделген.

# Бұзушыларға қатысты 3914 әкімшілік іс қозғалды

| | |
|---|---|
| 2627 жағдайда | 493,4 млн теңге айыппұл |
| 1261 жағдайда | ескерту жасалған |
| 28 жағдайда | құқық бұзушылықтардың шамалы болуына байланысты іс жүргізу тоқтатылды |

## Бұзушылықтардың түрлері бойынша:

**1589**
жерге мемлекеттік меншік құқығын бұзу (ҚР ӘҚБтК 136-бабы)

**3**
арнайы белгілерді жою (ҚР ӘҚБтК 138-бабы)

**399**
жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелерін пайдалану жөніндегі міндеттерін орындамауы (ҚР ӘҚБтК 339-бабы)

**1607**
ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымсыз пайдалану немесе пайдаланбау (ҚР ӘҚБтК 338-бабы)

**18**
жердің бүлінуі (ҚР ӘҚБтК 337-бабы)







# АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

## 220/14%




Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымсыз пайдалануға немесе пайдаланбауға тиесілі



Құқық бұзушыларға салынған айыппұлдардың жалпы сомасы

**493,4 млн**

Ерікті түрде өндірілген айыппұл сомасы

**404,0 млн**

Айыппұлдар бойынша материалдар мәжбүрлеп өндіріп алу үшін атқарушылық іс жүргізу органдарына берілді

**20,4 млн**

Сот арқылы алып тасталды

**37,6 млн**

Салынған айыппұлдар сомасы бойынша Маңғыстау облысы Департаментінде ең жоғары көрсеткіш-**79,2 млн теңге**, Жамбыл облысында ең төмен көрсеткіш - небәрі **1,4 млн теңге**.

# ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕРІН БАҚЫЛАУ

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің аумақтық департаменттері 2024 жылдың қорытындысы бойынша Жер кодексінің және Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің талаптарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың қабылданған шешімдерінің заңдылығына **1343 тексеру** жүргізді

1

Тексеру жүргізу кезінде Департаменттер ЖАО-ның 16 988 шешімін қарады және **заңсыз қабылданған 3140** (жер көлемі 421,7 мың га) шешімін анықтады.

2

Тексеру қорытындысы бойынша департаменттермен ҚР Жер заңнамасының нормаларын бұзушылықтарды жою туралы 1075 ұйғарым енгізілді, оның 357-сі орындалды.

# ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ
# **НЕГІЗГІ ҮЛЕСІ**



Халықтың наразылығы, әкімдікке шағымдар

Бюрократия, жер учаскелеріне құқықтар беру туралы шешімдер қабылдаудың заңда белгіленген мерзімдерін сақтамауы

Мерзімдердің бұзылуы, тәртіптің сақталмауы, сауда-саттықтан тыс жер учаскелерін (конкурстар, аукциондар) беру, жер учаскелерін беру тәртібін бұзу және олардың нысаналы мақсатын өзгерту

# МЕМЛЕКЕТТІК ЖЕР КАДАСТРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ДҰРЫСТЫҒЫН ТЕКСЕРУГЕ ҚАТЫСТЫ

Департаменттер 2024 жылдың қорытындысы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» ҚЕАҚ филиалдарының қызметінде мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің дұрыстығына тексеру жүргізді:

124 тексеру — 2765 бұзушылық — 99 үйғарым

Бүгінгі таңда 35 нұсқама орындалды, 25-тен мәжбүрлеп орындау туралы талап арыздар енгізілді (4 қанағаттандырылды,21 карауда), 1 нұсқаманың күші жойылды, 38 нұсқама бойынша орындау мерзімі басталған жоқ.

Жол берілген бұзушылықтар үшін филиалдардың 13 лауазымды тұлғасы жалпы сомасы 886,08 мың теңгеге айыппұл салумен әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның 332,28 мың теңгесі өндірілді, сот органдары 221,5 мың теңгенің күшін жойды.

# Топырақ зерттеу көлемдерін орындау динамикасы.




2000 ж. дейін—119,4 млн га.

2001-2010жж.— 10,7 млн га.

2011-2016жж.—14.9 млн га

2017-2021жж.— 34,6 млн га.

2022ж.— 5.6 млн га.

2023ж.— 5,8 млн га.

2024ж.— 6,0 млн га.

Барлығы: 197 млн га.

# Геоботаникалық зерттеулер




Геоботаникалық зерттеулер көлемін орындау динамикасы

Республикада жүргізілген түгендеуді ескере отырып, зерттеудің әртүрлі жылдарындағы геоботаникалық іздестірулердің қор материалдары 172 млн га жем-шөп алқаптарының алаңында немесе олардың жалпы алаңының 100% (басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлерсіз) бар.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік және жергілікті деңгейде бақылау жүйесі – жер ресурстарын тиімді әрі ұтымды басқарудың негізгі тетігі болып табылады. Бұл жүйе арқылы жердің заңды, экологиялық және экономикалық тұрғыдан дұрыс пайдаланылуы қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік деңгейде бақылау жалпы саясат пен заңнамалық талаптардың орындалуын қадағаласа, жергілікті деңгейде нақты аумақтардағы жер пайдалану жағдайы бақыланады. Бақылаудың ұйымдастырушылық және құқықтық тетіктерінің тиімді үйлесуі жердің тозуы мен заңсыз пайдаланылуын азайтып, жер қорын ұтымды сақтауға мүмкіндік береді. Сондықтан да бақылау жүйесін жетілдіру, заманауи цифрлық технологияларды енгізу және ашықтықты арттыру – жер қатынастарын басқарудағы басты басымдықтардың бірі болып табылады.

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1. Гендельман М.А., Крыкбаев Ж.Қ. — Научные основы землеустройства и кадастра (оқулық, землеустройство және кадастр негіздері).
2. Варламов А.А. — Управление земельными ресурсами. Земельный контроль
3. Алдабергенова А.И. — Природоохранное законодательство Республики Қазахстан (оқу-әдістемелік құрал).
4. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы жер жағдайы және оның оның пайдаланылуы туралы жиынтық талдамалы есебі